КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

020000, Көкшетау қ, Әуезов көшесі,141
тел.,29-78-81; факс 25-78-80
@gor_kokshemaslihat@mail.ru

ОБЩЕСТВЕННЫЙ СОВЕТ ГОРОДА КОКШЕТАУ

020000, г.Кокшетау ул. Ауэзова,141
тел. 29-78-81; факс 25-78-80
@gor_kokshemaslihat@mail.ru

04-05/275 06.08.2026

Көкшетау қаласының әкімі Ә.Күмпекеевке

Құрметті Әнуар Қайыргелдіұлы!

Көкшетау қаласының Қоғамдық кеңесі қаланың инженерлік инфрақұрылымын дамыту мәселелерін қарай отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген мерзімдерде «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының құрылысы аяқталып, оның Көкшетау қаласына жеткізілуі жағдайында табиғи газды қабылдауға дайындық бойынша кешенді шаралар қабылдауды ұсынады.

Көкшетау қаласын газдандыру – жылумен жабдықтау жүйесінің сенімділігін арттыруға, экологиялық жағдайды жақсартуға, пайдалану шығындарын азайтуға және қаланың одан әрі дамуына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік беретін маңызды инфрақұрылымдық жоба. Алайда бұл мақсаттарға қаланың инженерлік инфрақұрылымын алдын ала және жан-жақты дайындаған жағдайда ғана қол жеткізуге болады.

Осыған байланысты Көкшетау қаласын табиғи газды қабылдауға дайындау жөніндегі кешенді «Жол картасын» әзірлеп, іске асыруды сұраймыз. Бұған дейін Қоғамдық кеңес ұсынған газдандыру мәселесіне қатысты ұсынымдар қаланы газдандыруға жауапты бөлімдер тарапынан қаралмаған, ал өзге мемлекеттік органдар тарапынан назардан тыс қалған.

2025 жылы Қоғамдық кеңес тарапынан мынадай іс-шараларды қамтитын ұсынымдар жолданған болатын: инженерлік инфрақұрылым нысандарын түгендеу, жылумен жабдықтау көздеріне (оның ішінде РК-2 қазандығына) техникалық тексеру жүргізу, газ тарату желілерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу, қаланың аудандарын газға қосу кезектілігін айқындау, тұрғын үй қорын зерттеп-қарау, қаржыландыру көздерін анықтау, сондай-ақ ведомствоаралық жұмыс тобын құру.

Сонымен қатар, газдандыру мәселесін Көкшетау қаласында жаңа жылу электр орталығын (ЖЭО) салу перспективасымен өзара үйлестіруге, табиғи газды пайдалану жоспарларына, «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының іске асырылу мерзімдерімен сәйкестендіруге, сондай-ақ Қазақстан

Республикасы Үкіметі мен уәкілетті мемлекеттік органдар қабылдаған шешімдерге ерекше назар аударылды.

Табиғи газды қабылдауға дайындық жылу-энергетика саласын дамыту жұмыстарымен қатар және үйлесімді жүргізілуі тиіс деп есептейміз. Тек осындай жағдайда ғана табиғи газды тиімді пайдалану және қаланың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін болады.

Осыған байланысты бұрын жолданған ұсынымдарымызды қайта қарап, көрсетілген мәселелер бойынша тиісті құрылымдарға ақпарат дайындауды тапсырып, оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде Көкшетау қаласының Қоғамдық кеңесіне ұсынуды сұраймыз.

Көкшетау қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы **С. Джакупов**

Орындаған: Жолдасбаева А.
Тел: 25-68-50

Общественный совет города Кокшетау, рассмотрев вопросы развития инженерной инфраструктуры города, рекомендует принять комплекс мер по подготовке к приёму природного газа, в случае завершения строительства магистрального газопровода «Сарыарка» и его подхода к городу в установленные правительством сроки.

Газификация Кокшетау — ключевой инфраструктурный проект, который способен повысить надёжность теплоснабжения, улучшить экологическую ситуацию, снизить эксплуатационные затраты и создать условия для дальнейшего развития города. Однако эти цели могут быть достигнуты только при заблаговременной подготовке городской инфраструктуры.

В этой связи просим разработать и реализовать комплексную «дорожную карту подготовки Кокшетау к приёму природного газа». Предложенные ранее ОС города рекомендации по данной проблеме отделами, отвечающими за газификацию города не рассмотрены, а другими проигнорированы.

Нами в 2025 году были направлены рекомендации, предусматривающую инвентаризацию объектов, техобследование источников теплоснабжения (включая РК-2), разработку ПСД на газовые сети, определение очерёдности подключения районов, обследование жилфонда, определение источников финансирования, создание межведомственной рабочей группы.

Особое внимание было уделено вопросам увязке газификации с перспективой строительства новой ТЭЦ в Кокшетау, планах по использованию природного газа и синхронизации сроков с магистральным газопроводом «Сарыарка», а также какие решения приняты правительством и уполномоченными органами.

Считаем, что подготовка к приёму газа должна быть синхронна с развитием теплоэнергетики. Только так можно обеспечить эффективное использование природного газа и энергетическую безопасность города.

Просим Вас рассмотреть наши повторные рекомендации, поручить соответствующим структурам подготовить информацию по указанным вопросам и представить её Общественному совету города Кокшетау в установленные Законом РК сроки.